



БҰЙРЫҚ

31.01.2024 ж.

Орал қаласы

ПРИКАЗ

№ 188

город Уральск


**Облыстық «Экологиялық білім беруді
тұрақты дамыту бойынша үздік балалар
бизнес – жобасы» байқауын өткізу туралы**

Білім басқармасының 2024 жылға арналған жоспарына сәйкес ағымдағы жылдың 23 ақпан күні қоғамның әлеуметтік маңызы бар мәселелерін шешу жолдарын қарастырып, кәсіпкерлік қызметке ынталандыру, талантты да талапты жастарды анықтау, белсенді, күзиретті, бәсекеге қабілетті жас ұрпақ тәрбиелеу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Облыстық «Экологиялық білім беруді тұрақты дамыту бойынша үздік балалар бизнес – жобасы» байқауы 2024 жылдың 23 ақпан күні өткізілсін.
2. Облыстық байқаудың ережесі, ұйымдастыру комитеті, қазылар құрамы, шығындар сметасы бекітілсін (1,2,3,4-ші қосымшалар).
3. Аудандық (қалалық) білім беру бөлімдерінің, облыстық білім беру мекемелерінің басшылары оқушыларды облыстық жобаға қатысуын қамтамасыз етіп, тағайындалған жауапты жетекшілер жоба кезінде және жол жүруде қатысушылардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қатаң бақыласын.
4. Облыстық экологиялық - биологиялық орталығы (Ф.Кержикова) байқауды өткізу мен әзірлік жұмыстарын ұйымдастыруды, марапаттауды қамтамасыз етсін.
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басқарма басшысының орынбасары Л. Батырғалиеваға жүктелсін.

Басқарма басшысының м.а

Б.Насимуллин



007270

**Облыстық «Экологиялық білім беруді
тұрақты дамыту бойынша үздік балалар
бизнес – жобасы» байқауының ережесі**

1. Жалпы ережелер

1.1. Балалардың экологиялық бизнес – жоба байқауының мақсаты - қоғамның әлеуметтік маңызы бар мәселелерін шешу жолдарын қарастырып, кәсіпкерлік қызметке ынталандыру, талантты да талапты жастарды анықтау, белсенді, құзіретті, бәсекеге қабілетті жас ұрпақты тәрбиелеу.

2. Өту мерзімі

2.1. Облыстық бизнес - жоба 2024 жылдың 23 ақпан күні өткізіледі.

2.2. Облыстық бизнес - жоба байқауына қатысу туралы сұранысты 2024 жылдың 16 ақпанына дейін detzoo@mail.kz поштасына жіберулері тиіс. Байланыс телефоны: 50-47-97.

Аудан, қала білім бөлімі басшыларының қолымен бекітілген сұраныстар қабылданады.

3. Байқауға қатысушылар

3.1. Облыстық бизнес - жоба байқауына жалпы білім беретін мектеп, лицей, гимназия, облыстық мекемелер, қосымша білім беру орталықтарының оқушылары қатыса алады. Әр ауданнан 1 жоба, қаладан 3 жобадан артық қабылданбайды. Бизнес жобалар оқушының жас ерекшелігіне сай болуы тиіс. (7-10 сынып білім алушылары). Алдыңғы 3 жылдың жеңімпаздары байқауға қатыса алмайды. Өтетін орны: Қадыр Мырза Әлі атындағы мәдениет және өнер орталығы, Әбілқайыр Хан даңғылы, 183. Қатысушылар міндетті түрде ақ жейде (рубашка), екінші аяқ киім (сменная обувь) керек.

22 ақпан – қатынасушылардың келу күні;

23 ақпан – бизнес-жоба жұмысы;

24 ақпан – бизнес-жобаға қатынасушылардың қайтуы күні.

Облыстық «Экологиялық білім беруді
тұрақты дамыту бойынша үздік балалар
бизнес – жобасы» байқауына қатысуға өтінім

Орындаушының Т.А. (құжатқа сәйкес)	Туған күні, жылы	Білім беру ұйымы, сынып	Ауданы, мекен-жайы, электр. пошта, телефон	Жұмыстың аталуы	Жетекшінің аты-жөні, телефоны, электрондық поштасы

--	--	--	--	--	--

4. Жұмыстардың мазмұны

Облыстық бизнес - жобаның тақырыптары:

1.«Ауыл шаруашылығына арналған экологиялық технологиялар» (ауылдың мәдениетін дамыту, ауыл өнеркәсібін дамыту, ауыл экономикасын көтеру, ауыл шаруашылығы саласын жандандыру);

2.«Инновациялық экологиялық бизнес - идеялар» (табиғи ресурстарды үнемдеу мақсатында энергияның балама көздерін іздеу, интернет технологиялары (телефон қолданбалары) т.б);

3.«Экоөнімдер» (таза экологиялық өнімдер, өнімдерге байланысты инновациялық идеялар, өмірді жақсы жаққа өзгерту үшін стандартты емес шешімдер және т.б);

Барлық жобалар осы тақырыптарға сәйкес болуы керек. Рефераттар мен баяндамалар және ғаламтор материалдары байқауда қаралмайды.

5. Жобаға қойылатын талап

5.1. Бизнес-жобада практикалық мағынасы ұсынылған ауыл шаруашылықты, ауыл өнер кәсібін дамытуды, ауыл шаруашылық саласын жандандыру, экожүйені сақтап қалу бойынша шешу жолы көрсетілген адамның экономикалық қызметіне байланысты экологиялық проблемаларды зерттеуге бағытталған экологиялық шаралар ұйымдастыру жобалары көрсетілуі керек.

5.2. Облыстық бизнес - жобанының *сипаты және безендірілуі*:

- бірінші бет - титулды бет;
- екінші бет - мазмұны;
- бөлімдері бойынша жобаны сипаттау:
- кіріспе;
- проблеманы зерттеу;
- күтілетін нәтижелер;
- проблеманың зерттеу қорытындылары және практикалық маңызы мен шешімі;

5.3. Жобаны Power Point бағдарламасында дайындап қорғайды.

5.4. Power Point презентациясын жобанысының беті 10 слайдтан артық емес, қорғау уақыты 7 минут.

6. Жобаны бағалау критерийлері

- жобаның актуалдылығы, жаңашылдығы;
- экологиялық проблемаларды шешу жолдары;
- тұрғылықты жағдайларға арналған практикалық мағынасы, бағдарлары;
- жобаны орындауда әдістемені қолдану негіздері және бизнес идеялар;
- қорытындылау және кепілдеме аргументтері (дәлелдемелері);
- оқушылардың жобаны орындаудағы өзіндік жұмыстану деңгейі;

- жобаны көркемдеу сапасы.

7. Қорытындылау және марапаттау

Жоба жеңімпаздары Батыс Қазақстан білім басқармасының облыстық білім басқармасының грамоталар мен алғыс хат және естелік сыйлықтармен марапатталады.

8. Күтілетін нәтиже

Облыстық бизнес-жоба барысында оқушылар өз ауылының немесе қаланың экологиялық мәселелерін, оларды өз күштерімен шешу жолдарын табуға үйренеді. Мектеп оқушылары өздерінің шығармашылық қабілеттерін іске асыруға және қоршаған ортаны сақтауға жауаптылыққа, өз бизнес - жоспарын жасауға, қорғауға және алға жылжытуға үлкен мүмкіндік алады.